

Песчан ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 10 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Песчан ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабына сәйкес, Качир ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 24 ақпандағы № 43 ұсынысы негізінде, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың өткізілуіне байланысты Качир ауданы Песчан ауылдық округінің Песчан ауылындағы "Песчан асыл тұқымды орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағындағы ауылшаруашылық малдардың лейкозбен ауыру фактісі бойынша шектеу іс-шаралар алынып тасталсын.

2. Песчан ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 10 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4682 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 37 "Тереңкөл тынысы", 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 36 "Заря" газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Песчан ауылдық округінің әкімі

А. Дүйсембаева